

**Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті  
қорғау саласындағы кәсіподақ ұйымдары жұмысының тиімділігін  
арттыру жөніндегі жұмысы туралы  
АҚПАРАТ**

Ақмола облысының білім беру ұйымдарында 2023 жылғы 22 қарашадағы жағдай бойынша 35 462 жұмысшы еңбек етіп, кәсіподақ ұйымына мүше болып табылады. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес білім беру ұйымдарында еңбекті қорғау жөніндегі 765 өндірістік кеңестер құрылып, жұмыс істейді. Облыстық кәсіподақ ұйымы Кеңесінің аппаратында еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың функционалдық міндеттерін бас маман А.Т.Абдрахманов (0,5 ставка) атқарады.

2021 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Кеңес және Атқару комитетінде тұрақты түрде оның 4 отырысында еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау мәселелері қаралды.

Әлеуметтік әріптестік туралы 2021–2023 жылдарға арналған салалық келісімде және ұжымдық шарттарда жұмыс берушілердің ЕҚЖЕҚ қаржыландыру жөніндегі міндеттемелері көзделген.

Жұмыс берушілер жыл сайын қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету нормаларына сәйкес білім беру ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігін жақсартуға қаржы ресурстарын бөледі. Мәселен, соңғы үш жылда жұмыс берушілер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға 30 691 3282 теңге бөлді. Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлерді міндетті медициналық тексеру жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Медициналық тексеруге жұмсалған қаржы 75 миллион теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 155-бабына сәйкес білім беру ұйымдарында ұжымдық шарттарда және салалық келісімде көзделген еңбекті қорғау жөніндегі міндеттемелерді жұмыс берушілердің орындауына тексерулер жүргізілді.

Облыстық кәсіподақ ұйымы есепті кезеңде салалық кәсіподақтың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша әдістемелік ұсыныстары бойынша 26 (онлайн және офлайн) семинар өткізді. Облыстық кәсіподақтың Атқару комитетінің отырыстарында бекітілген семинар сабақтарының тақырыптары мен кестелері толық көлемде берілген. Осы семинарлар негізінде 320 еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар оқытылды.

Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымы еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлары «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының еңбек қауіпсіздігі жөніндегі үздік техникалық инспекторы» республикалық байқауына жыл сайын қатысады және жүлделі орындарды иеленді.

Өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі іс-шараларды жоспарлы жүргізуге қарамастан, соңғы үш жылда жұмыс орындарында Аршалы, Астрахан, Целиноград, Біржан сал аудандарында және Көкшетау қаласында еңбек қызметіне байланысты 5 жазатайым оқиға тіркелді, оларда 6 қызметкер зардап шекті (2 – ауырлығы жеңіл дәрежеде, 2 - ауыр дәрежеде, 2 – қайтыс болған).

Өндірістік жарақаттану бойынша есептер Ақмола облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің есептерімен және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректерімен жүйелі түрде салыстыру жүргізіледі.

Көкшетау және Щучинск қалаларындағы білім беру ұйымын аралау кезінде (6 орта мектеп және 1 балабақша) директордың әкімшілік-шаруашылық істері жөніндегі орынбасарлары еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар болып сайланып, бекітілгені анықталды. Бұл – мүдделер қайшылығын тудырады және кәсіподақтар туралы қолданыстағы заңнамаға қайшы келетінін атап өту қажет.

Ұйым басшысының орынбасарына ұйымдастырушылық-басшылық өкілеттік берілген және шын мәнінде еңбек қауіпсіздігі мәселелері бойынша жұмыс берушінің өкілі болып табылады (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 188-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес). «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3-тармағына сәйкес жұмыс берушілердің өкілдері кез келген деңгейдегі кәсіподақтың сайланбалы органдарының мүшесі бола алмайды.

**Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының  
Құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі және  
еңбекті қорғау бөлімі**